

Ауылдық жерлердегі жылжымайтын мүліктерді, (жер учаскелері, тұрғын үйлер, пәтерлер, саяжайлар, гараждар, құрылыстар және өзге жылжымайтын мүліктер) иесіздендіру туралы шарттарды куәландырғандығы үшін мемлекеттік баж ставкалары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 25 ақпандағы N 264. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

"Мемлекеттік баж туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 65 Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ауылдық жерлердегі жылжымайтын мүліктерді, (жер учаскелері, тұрғын үйлер, пәтерлер, саяжайлар, гараждар, құрылыстар және өзге жылжымайтын мүліктер) иесіздендіру туралы шарттарды куәландырғандығы үшін мынадай мемлекеттік баж ставкалары белгіленсін:

күрделілерді (үлестерді есептеумен, үйдің немесе пәтердің бөлігін сату туралы қоса иеленушінің шақыруымен немесе жазбаша ескертпемен):

балаларына, жұбайына, ата-аналарына, туған аға-інілері мен апа-сіңлілеріне, немерелеріне - 250 процент;

басқа тұлғаларға - 350 процент;

қ а р а п а й ы м д а р д ы :

балаларына, жұбайына, ата-аналарына, туған аға-інілері мен апа-сіңлілеріне, немерелеріне - 200 процент;

басқа тұлғаларға - 250 процент.

2. Мемлекеттік баждың тіркелген проценттік ставкалары мемлекеттік бажды төлеу күніне республикада белгіленген есепті көрсеткіштің мөлшерін негізге ала отырып е с е п т е л е д і .

3. Осы қаулы жариялауға жатады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі